

**"Болашақ" Қауымдастығы Кеңесінің мүшелігіне кандидат
Ельшибаева Кулмаш Галимжановнаның сайлауалды бағдарламасы**

Құрметті "Болашақ" Қауымдастығының мүшелері!

Мен, Ельшибаева Кулмаш Галимжановна, Санкт-Петербург қаласы Биорегуляция және геронтология институтының, "Болашақ" бағдарламасының стипендиатымын. Қазақстанның педагогика саласында 49 жылдан астам жұмыс істеймін.

Өзімнің кәсіби және өмірлік тәжірибеме сүйене отырып, жаңа, мықты Қазақстан құру үшін шешілуі қажет маңызды міндеттердің бірі халықтың, соның ішінде еліміздің болашағы жас буынды тәрбиелеу, психологиялық ахуалын жақсарту, қолдау болып табылады деп санаймын. Әсіресе, жас буынға білім, тәрбие берерде педагогтердің рөлі зор. «Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» дегендей, ұстаздың психологиялық ахуалы жоғары деңгейде болса, беретін білім мен тәрбие де жоғары дәрежеде болады. Оқушы, ата-анамен жан-жақты жұмыс жасалынып, көңіл бөлінеді де, педагог қауымы шетте қалып жатады, сондықтан да ең бірінші орында педагогтердің психологиялық ахуалы, біліктіліктерін жетілдіру мәселесі маңызды болғаны жөн деп ойлаймын.

Қазіргі әлемнің нақтылығында халықтың психологиялық хал-ахуалының тұрақтылығы әр адамның қоғам мен елдің игілігі үшін тиімді жұмыс істей алуының негізгі шарты болып табылады.

Қауымдастық қызметінің негізгі бағыттарын пайымдау

Өздеріңіз білетіндей, 2019 жылы қауымдастықтың 2020-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясы қабылданды, оған үш стратегиялық бағыт кіреді: 1) Bolashaq Society; 2) Bolashaq members және 3) Endowment fund Bolashaq. Оқу-білім арттыру барлық үш стратегиялық бағыт аясында өзекті болып табылады. Бұл мәселенің маңыздылығын ескере отырып, кеңеске сайланған жағдайда мен оған басты назарымды аударып, оны шешуге бар күшімді саламын.

Қауымдастықты одан әрі дамыту бойынша нақты ұсыныстар

Bolashaq Society

Бірінші. Жоғары оқу орнының студенттері, жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары, колледж студенттері, педагогтар қауымы, педагог-психологтар және т.б. арасында кәсіби бағдар және білім беретін ұйымдарда психологиялық ахуалды қолдау мақсатында негізгі қағидаттары бойынша курстар, семинарлар мен вебинарлар өткізу. Мұнда Мен спикер ретінде де, осындай іс-шараларға материалдар дайындау кезінде де өз үлесімді қоса алар едім.

Екінші. Бүгінгі таңда психологиялық қызметтің әр бағытында қазақ тілінде психологиялық әдебиеттер өте аз. Осы саланың әр бағытында инновациялық техникалар мен психотерапиялық әсері бар ғылыми-практикалық еңбектер жазу, әлемдік деңгейдегі әдебиеттерді қазақ тіліне аудару өте пайдалы деп санаймын.

Bolashaq members

Осы бағыт бойынша Damu Nab сияқты клубтардың қызметіне, оның ішінде білім саласының мамандарымен ынтымақтастықты ұйымдастыруға және клубтар өткізетін түрлі іс-шараларға спикерлер ретінде шақыру үшін мамандар банкіні қалыптастыруға қатысуға дайынмын.

Менің ойымша, бұл клубтардың қызметі тек ішкі сипатта ғана емес, сонымен қатар кеңірек тыңдаушыларға бағытталуы мүмкін. Мұны заманауи әлеуметтік медиа платформаларында қауымдастықтың өз күшімен де, блогерлермен және пікір жетекшілерімен бірлесіп тікелей эфирлер өткізу арқылы ұйымдастыруға болады. Мұның бәрі қазақстандықтардың білім саласындағы сауаттылығы мен ақпараттылығын арттыруға, оның ішінде қауымдастықтың қызметі туралы хабардар етуге ықпал ететін болады.

Endowment Fund Bolashaq

Менің кәсіби қызметім білім саласына байланысты екенін ескере отырып, Қордың қызметіне, оның ішінде жоғары оқу орындарындағы, жалпы білім беру ұйымдарындағы білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық ахуалын реттеуде белсенді қатысуға дайынмын. Қордың инвестициялық декларациясын әзірлеу процесінде ғана емес, оның инфрақұрылымын қалыптастыруда, сондай-ақ Қордың табысты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті байланыстарды жолға қоюда да пайдалы бола аламын деп ойлаймын.

Кандидаттың кеңес мүшелігінен қауымдастық үшін күтілетін оң нәтиже

Аталған бастамаларды табысты іске асыру еліміздің тұрақты дамуы үшін жастардың қоғамдық процестерге белсенді қатысуынан тұратын қауымдастық миссиясына қол жеткізуге белгілі бір үлес қосады деп ойлаймыз.

Білім саласында білімге, әсіресе білім беру процесіне қатысушылардың білім алуда және тәрбиені дұрыс жолға қою бойынша білімге деген сұранысты ескере отырып, ұсынылып отырған бастамаларды іске асыру халықтың қалың жігінің Қауымдастық қызметі туралы хабардарлығын арттырады.

Сонымен қатар, Кеңестің мүшесі ретінде мен әртүрлі ұйымдармен тығыз байланыстарды қалыптастыруға жеке үлес қоса аламын.

Қауымдастық қызметіндегі жетекшілік ететін әлеуетті бағыттар

- * Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық саулығын нығайту, қолдау бойынша білім беру семинарларын/вебинарларын, курстарын ұйымдастыру және өткізу;
- * Педагогикалық психология қалыптастыру бойынша оқу басылымдарын қазақ тіліне аудару;
- * Bolashaq Endowment Fund Қызметі.